

## Саламатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы қағиданы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрдің міндетін атқарушының 2011 жылғы 09 маусымдағы № 381 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 14 шілдеде № 7064 болып енгізілді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексінің 32-бабының 3-тармағының 1)тармақшасына сәйкес, саламатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін одан әрі жетілдіру үшін **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Саламатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы қафіда бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің директоры (А.Ф.Төлеғалиева) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Заң департаментінің директоры (А.С.Таласпаева) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін заңнамада белгіленген тәртіппен оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4 Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Е.Ә.Байжұнісовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық оны алғаш ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің

міндетін атқарушы

С. Мусинов

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрдің  
міндетін атқарушы  
2011 жылғы 9 маусымдағы  
№ 381 бұйрығымен  
бекітілген

**Саламатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын  
денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы қағида**

**1. Жалпы қағидалар**

1. Саламатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы қағида "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексінің 32-бабының 3-тармағының 1)тармақшасына сәйкес әзірленген және саламатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының мәртебесі мен өкілеттілігін белгілейді.

2. Саламатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы (бұдан әрі – СӨСҚ қызметі) қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарына мынадай денсаулық сақтау ұйымдары жатады:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – СӨСҚПҰО);

2) облыс орталықтарындағы, республикалық маңызы бар қала мен астанадағы саламатты өмір салтын қалыптастыру орталықтары (бұдан әрі – СӨСҚ орталықтары) мен олардың құрылымдық бөлімшелері – аудандық СӨС орталықтары (филиалдар), ақпараттық-ресурстық орталықтары, темекіге қарсы күрес орталықтары (кабинеттер) жастардың денсаулық орталықтары.

3. СӨСҚ қызметінің жұмысы саламатты өмір салтын (бұдан әрі - СӨС) насиҳаттау мен қалыптастыруға, инфекциялық, созылмалы инфекциялық емес аурулардың, мінез-құлықтық қауіп факторларының (темекі, алкоголь, нашақорлық) алдын алуға, халықтың сырқаттануын төмендету мен өмір сұру ұзақтығын арттыруға бағытталған.

4. СӨСҚ қызметі өз жұмысында "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының кодексін, салалық нормативтік-құқықтық актілерді, Ұйымның Жарғысын, осы қағиданы басшылыққа алады және өз жұмысын медициналық қызметке арналған мемлекеттік лицензияның негізінде жүзеге асырады.

## **2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны**

5. СӨСҚПҰО шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорны ұйымдастыру-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктерде есеп-шоттары, атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған елтаңбалы мөрі, фирмалық бланктері, мөрлері, мөртабандары мен басқа да ресми атрибуттары бар.

### **6. СӨСҚПҰО:**

1) азаматтарды СӨС қалыптастыруға ынталандыру және профилактикалық және қалпына келтіру медицинасын дамытуға бағытталған қоғамдық денсаулық пен

денсаулық сақтау саласында ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру-әдістемелік қызметтерді жүзеге асырады;

2) министрліктер, ведомстволар, ұйымдар мен мекемелер жүзеге асыратын СӨС насиҳаттау, мінез-құлықтық қауіп факторлары мен аурулар профилактикасы және денсаулықты нығайту, профилактикалық бағдарламаларды іске асыруды және республикада медициналық-әлеуметтік зерттеулер жүргізуді ғылыми түрғыдан қамсыздандыру мәселелері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік басшылық жасайтын және үйлестіруші орталық болып табылады.

## 7. СӨСКПҰО келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) республикадағы СӨС қалыптастыру қызметінің жұмысина ұйымдастыру-әдістемелік басшылық жасау және мониторингтеу;

2) СӨС қалыптастыру және аурулардың алдын алу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны әзірлеу;

3) жоспарлау және ақырғы өнімді шығару кезеңіндегі ақпараттық - білім беру материалдарының сараптамасы;

4) СӨС қалыптастыру, әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алу, оның ішінде мінез-құлықтық қауіп факторлары мен олардың дамуына жол бермеу бойынша нысаналы бағдарламаларды әзірлеу мен енгізуге қатысу;

5) енгізіліп отырған профилактикалық бағдарламаларды, оның ішінде ауруды ерте анықтау, бастапқы медициналық-санитариялық көмек (бұдан әрі – БМСК) ұйымдарының халықты динамикалық бақылау, сауықтыру жөніндегі Ұлттық скринингтік бағдарламаны мониторингтеу мен бағалауға қатысу;

6) ауруды ерте анықтау, халықты динамикалық бақылау және сауықтыру және негізгі ауруы болған кезде қауіп факторларының профилактикасы бойынша скринингтік бағдарламаларды жүргізудің ғылыми-негізделген әдістемелерін әзірлеу және оны енгізу;

7) мінез-құлықтық қауіп факторларының, әлеуметтік мәні бар аурулардың таралуы, зиянды факторлардың әсері бойынша өңірлерде социологиялық зерттеулер жүргізу, алынған деректердің негізінде саламатты өмір салтын қалыптастыру қағидаларын енгізу жөніндегі бағарламаларды әзірлеу;

8) сырқаттанушылық бойынша талдауды жүзеге асырады және оны азайту бойынша өнірлік ерекшеліктерді ескере отырып кешенді өңірлерде профилактикалық шараларды жүзеге асырады;

9) СӨС қалыптастыру мәселелері бойынша халықтың хабардар болуын арттыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс;

10) СӨС қалыптастыру, қашықтықтан оқыту бойынша жаңа технологияларды енгізу және тарату, СӨС қалыптастыру мен қағидаттарын енгізу бойынша халықтың осал топтарының арасында білім беру, құқық қорғау және басқа ұйымдарда интерактивті технологияларды пайдалана отырып, оқыту тренингтерін өткізу;

11) дұрыс тамақтану және дene шынықтырумен және спортпен айналысу мәселелері бойынша СӨС қағидаларын қалыптастыру және енгізу жөнінде халықпен, мектепке дейінгі және білім беру үйымдарымен жұмыстарды үйимдастыру;

12) өндірлік СӨСК орталықтарына, БМСК үйымдарына СӨС қалыптастыру қалыптастыру медицинасы, иммунопрофилактика, денсаулық, геронтология мектептері мен клубтарын үйимдастыру мәселелері бойынша үйимдастыру-әдістемелік көмек көрсету;

13) халықтың арасында СӨС орнықтыру бойынша кең ауқымды спортты-бұқаралық және мәдени іс-шаралар үйимдастыру және оны өткізу;

14) СӨС қалыптастыру мен қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті проблемалары бойынша әртүрлі оқыту (стационарлық, көшпелі және қашықтан оқыту) түрлерін пайдаланып, жоғары және орта білімі бар медицина кадрларының білім беру жүйесі мен басқа да мұдделі ведомстволар мамандарының біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау бойынша курстар өткізу;

15) аурудың бастапқы алдын алу мен СӨС қалыптастыру проблемалары бойынша жоғары және орта оку орындарының медицина кадрларын даярлау және қайта даярлау;

16) СӨС қалыптастыру мәселелері бойынша съездер, симпозиумдар, ғылыми конференциялар мен кеңестер және де көшпелі сессиялар (кеңестер, конференциялар, семинарлар және т.б.) үйимдастыруға және өткізуге қатысу;

17) мұдделі министрліктермен, ведомстволармен, жергілікті атқару органдарымен, оның ішінде қоғамдық, халықаралық және мемлекеттік емес үйымдармен қоғамдық денсаулық, денсаулық сақтау және СӨС қалыптастыру проблемалары бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл;

18) аурудың алдын алуын және азаматтардың денсаулығын нығайту мақсатында консультациялар, ақпараттық (деректер базалары мен ақпараттық ресурстарды құру және пайдалану) қызметтер көрсету;

19) денсаулықты сақтау мен нығайту мәселелері туралы ақпараттық білім беру материалдарын әзірлеу, оның ішінде электрондық және баспа түрінде әзірлеу және дайындау, медицина ғылымының және практикалық денсаулық сақтаудың жаңа жетістіктерін насиҳаттау мақсатында ғылыми жұмыстарды, монографияларды, еңбектердің жинақтарын, әдістемелік нұсқаулықтарды, оку құралдарын, ақпараттық парақтарды және мерзімдік басылымдарды (журналдарды) жариялау;

20) мемлекеттік және мемлекеттік емес үйымдардың қызметін және СӨС қалыптастыру саласындағы ақпараттық – білім беру материалдарын (басылымдар, аудиобейне өнімдер) сараптауды үйимдастыруға және жүргізуға қатысу;

21) СӨС қалыптастыру және профилактика бойынша, жеке, отбасылық және ұлттық деңгейлерде денсаулық әлеуеті мен ресурстарын дамыту бойынша мемлекеттік және гранттық қаржыландыру негізінде ғылыми-негізделген ғылыми-техникалық бағдарламалар әзірлеу;

22) профилактикалық бағыттағы медицина ғылымын дамыту, алдыңғы қатарлы халықаралық орталықтармен дені сау азаматтардың денсаулығын нығайту мен дамыту бойынша үйлестіру және өзара ынтымақтастықты күшайту;

23) сауықтыру дәрі-дәрмектік емес қазіргі заманғы технологияларды өзірлеу, өзін-өзі сауықтыру тәсілдері мен құралдарын қоса, СӨС қалыптастыру технологияларын және СӨС дағдыларын, денсаулық мәдениетін қалыптастыру;

24) нозологияға дейінгі диагностика және жеке деңгейде денсаулықты нығайтудың негіздерін ғылыми өзірлеу;

25) дәлелді профилактика мен медицина қағидаттарына негізделген, жеке деңгейдегі профилактиканың, қауіп факторларын мониторингтеу мен халықтың өмір сұру сапасын арттыру жүйесінің әдістерін ғылыми өзірлеу;

26) СӨСҚПҰО, СӨСҚ орталықтарының, БМСК мамандарын қоғамдық денсаулықты сақтау және халықтың арасында ақпараттық науқандарды ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша оқыту арқылы СӨСҚ қызметінің кадрлық әлеуетін дамыту;

27) алыс шетелдердегі рецензияланатын басылымдарда ғылыми-техникалық бағдарламалардың нәтижелерін жариялау;

28) ғылыми кадрларды ғылыми материалдарды статистикалық өндөу жөніндегі халықаралық стандарттардың талаптарына жауап беретін лицензиялық компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жүргізуге оқыту.

### **3. Облыстардағы, республикалық маңызы бар қала мен астанадағы саламатты өмір салтын қалыптастыру орталықтары**

8. Облыстардағы, республикалық маңызы бар қала мен астанадағы саламатты өмір салтын қалыптастыру орталықтары (бұдан әрі – СӨСҚ орталықтары) меншікті Жарғысы бар мемлекеттік мекемелері болып табылады;

9. СӨСҚ орталықтары денсаулық сақтау ұйымдары мен басқа да ведомстволардың, ұйымдардың СӨСҚ, қоғамдық денсаулық, денсаулықты нығайту, халық денсаулығын сақтауға ықпал ететін алдын алу, сауықтыру іс-шараларын өткізу мәселелері бойынша халықтың ақпарат алу деңгейін арттыруға бағытталған алдын алу жұмыстарын үйлестіреді;

10. СӨСҚ орталықтарының дербес балансы, банктерде есеп-шоттары, атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған елтаңбалы мөрі, фирмалық бланктері, мөрлері және мөртабандары бар.

11. СӨСҚ орталықтарын СӨСҚПҰО директорының келісімі бойынша Денсаулық сақтау басқармасы тағайындастын және қызметінен босататын директор басқарады.

12. СӨСҚ орталықтары келесі қызметтерді жүзеге асырады:

- 1) СӨС қалыптастыру мәселелері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік, оқыту, насиҳаттау, ғылыми-тәжірибелік, консультациялық-сауықтыру қызметтерін көрсету;
- 2) халықтың денсаулығын сақтау мен аурудың алдын алу мәселелері жөніндегі заңнамалық құжатарды әзірлеуге, енгізуге және жүзеге асыруға қатысу;
- 3) СӨС қалыптастыру және оны насиҳаттау, мінез-құлықтық қауіп факторларының, аурудың алдын алу және халық денсаулығын нығайту саласында жаңа жұмыс түрлері мен тәсілдерін зерттеп, енгізу;
- 4) медициналық ұйымдарының СӨС қалыптастыру мен аурудың алдын алу мәселелері бойынша жұмысын үйлестіру;
- 5) СӨСҚ, халық денсаулығын сақтау және нығайту жұмыстарын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;
- 6) аумақтық медициналық ұйымдардың алдын алу бөлімшелерінің (кабинеттерінің) жұмысына, сонымен қатар басқа да мекемелер мен ұйымдарға халықты гигиеналық тәрбиелеу, СӨС насиҳаттау мәселелері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік және консультациялық-сауықтыру қызметтерін көрсету;
- 7) ауруды ерте анықтау, халықты динамикалық бақылау, сауықтыру жөніндегі Ұлттық скринингтік бағдарламаны мониторингтеу мен бағалау;
- 8) скринингтік зерттеулерді енгізу мен зерттеу бойынша БМСК ұйымдарына әдістемелік көмек көрсету;
- 9) ауруды талдау және өнірлерде өнірлік ерекшеліктерді ескере отырып оны төмендету бойынша кешенді профилактикалық шараларды әзірлеу;
- 10) спортшыларды консультациялық - сауықтыру көмегімен, спортшылардың денсаулық деңгейі мен функциялық жай-күйін жан-жақты диагностикалау мен бағалауды қамтамасыз ету, дәрігерлік-дene шынықтыру бөлімі болған жағдайда қажетті емдеу-алдын алу, қалпына келтіру мен оңалту іс-шараларын тағайындау, республикалық және облыстық жарыстар кезінде медициналық қызмет көрсету;
- 11) облыс, республикалық маңызы бар қала мен астана көлемінде, филиалдармен бірлесіп бастапқы және қайталанған аурулардың алдын алу, денсаулықты нығайту іс-шараларын ұйымдастырып, өткізу;
- 12) БМСК мамандарымен бірге көлемі айына 4 сағаттан кем емес аурудың алдын алу және СӨС насиҳаттау бойынша өткізілетін іс-шараларды тоқсан сайын мониторингтеу, СӨСҚПҰО ақпарат беру;
- 13) отбасын, аналардың, әкелердің және балалардың денсаулығын сақтауды гигиеналық оқытуды қамтамасыз ету;
- 14) мұдделі мекемелермен, ұйымдармен бірлесіп СӨСҚ және мінез- ұлықтық қауіп факторларының таралуын төмендету мәселелері бойынша халықтың ақпараттандыруын арттыру;

15) медициналық, педагогикалық және СӨС қалыптастыру бойынша басқа кадрлардың даярлауын және олардың біліктілігін арттыруын, оның ішінде ақылы негіздегі циклдар, дәрістер мен курстар ұйымдастыру арқылы қатысу;

16) мінез-құлықтың қауіп топтары мен жастар арасында СӨС қалыптастыру еріктілерін, жетекшілерін даярлау бойынша бағдарламаларды әзірлеу және енгізу;

17) халықтың арасында халықаралық, мемлекеттік емес ұйымдармен, қорлармен, қозғалыстармен, іскерлік-құрылымдармен, жетекшілермен, қоғамдық ұйымдармен денсаулықты сақтау және СӨС қалыптастыру мәселелері бойынша жұмыс ұйымдастыру;

18) халықтың арасында СӨС насиҳаттау, аурудың алдын алу шаралары мен денсаулықты нығайту жөніндегі өзекті мәселелерді кеңінен жариялау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл;

19) халықтың нысаналы топтары үшін аурудың алдын алу және СӨС қалыптастырудың түрлі аспектілер бойынша басылымдық және аудиокөру ақпараттық - білім беру материалдарын әзірлеу және басып шығару;

20) СӨСК және аурулардың алдын алу іс-шараларын өткізу туралы тоқсандық есепті СӨСКПҮО тапсыру;

21) СӨС насиҳаттаушы ұйымдарымен, меншік түрі мен ведомстволық бағыныстырығына қарамастан өзара іс-қимыл;

22) бастапқы медициналық-санитариялық және консультациялық диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына СӨС қалыптастыру бойынша ұйымдастыру-әдістемелік басшылық.

13. Орталықтардың құрамында:

- 1) әкімшілік-шаруашылық бөлім;
- 2) ұйымдастыру-әдістемелік бөлімі;
- 3) профилактикалық бағдарламалар бөлімі;
- 4) білім беру бағдарламалары бөлімі;
- 5) ақпараттық-ресурстық орталығы;
- 6) шағын-баспахана;
- 7) дәрігерлік-дене шынықтыру бөлімі;
- 8) жастардың денсаулық орталығы;
- 9) темекіге

#### **4. Аудандық Саламатты өмір салтын қалыптастыру орталығы (филиал)**

14. Аудандық СӨСК орталығы (бұдан әрі – филиал) тұрғын халқының санына қарамастан облыстық СӨСК орталығының құрылымдық бөлімшесі ретінде әрбір аудан орталығында құрылады;

15. Филиал халыққа өз денсаулығы мен қоғамдық денсаулықты сақтау және нығайту, СӨС насиҳаттау және әлеуметтік мәні бар ауруларды туындататын мінез-құлықтық қауіп факторлары туралы ақпарат беру деңгейін арттыру және профилактикалық медициналық тексерулер жүргізу арқылы денсаулық сақтау үйымдарының профилактикалық қызметін үйлестіреді.

16. Филиалдың негізгі міндеттері:

1) СӨС насиҳаттау және әлеуметтік мәні бар аурулардың мінез- құлықтық қауіп факторларының, аурулардың бастапқы және қайталанған профилактикасы, сондай-ақ халық денсаулығының демографиялық көрсеткіштерін, экологиялық және эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып халық денсаулығын нығайтудың жалпы бағыттарын анықтау;

2) халықтың арасында мінез-құлықтық қауіп факторларының таралуын зерттеу және оның негізінде сауықтыру және СӨС қалыптастыру мақсатында халықтың түрлі топтарының мінез-құлқын түзету және аурулардың профилактикасы жөніндегі мақсатты бағдарламаларды әзірлеу;

3) акцияларды, айлықтарды, конкурстарды үйымдастыру мен өткізуде сектораралық өзара жұмыстар жүргізу және профилактикалық медициналық тексеру өткізуге әдістемелік басшылық жасау.

17. Филиалдар келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) үйымдастыру-әдістемелік, насиҳаттау, консультациялық- сауықтыру қызметтерін көрсетеді;

2) аурудың алдын алу қауіп факторларын, гигиеналық оқыту және СӨС қалыптастыру саласында халықпен жүргізілетін жұмыстың қазіргі заманғы түрлері мен тәсілдерін зерттейді;

3) емханалардағы, денсаулық мектептеріндегі, медициналық үйымдарының СӨС кабинеттерінің алдын алу және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету бөлімшелерінің жұмысына үйымдастыру-әдістемелік басшылық жасайды;

4) аурулардың бастапқы және қайталанған профилактикасы, СӨС насиҳаттау және әлеуметтік мәні бар аурулардың қауіп факторларының алдын алу және денсаулықты нығайту, халықты гигиеналық оқыту әрі тәрбиелеу іс-шараларын үйымдастыру және өткізу, сондай-ақ басқа да үйымдар мен шаруашылық етуші субъектілерге осы шараларды үйымдастыру бойынша көмек көрсетеді;

5) ауруды ерте анықтау, халықты динамикалық бақылау, сауықтыру жөніндегі Үлттық скринингтік бағдарламаны мониторингтеу мен бағалау жүргізеді;

6) скринингтік зерттеулерді енгізу мен зерттеу бойынша БМСК үйымдарына әдістемелік көмек көрсетеді;

7) ауруды талдау және өңірлерде өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, оны төмендегі бойынша кешенді профилактикалық іс-шараларды әзірлеу;

8) жүргізілген әлеуметтік (зондтық) зерттеулердің нәтижесін пайдаланып, халықты гигиеналық оқыту әрі тәрбиелеу, СӨС қалыптастыру мен насиҳаттау және мінез-құлықтық қауіп факторларының алдын алу жоспарын өзірлейді;

9) СӨС, денсаулықты нығайту және аурудың алдын алу бойынша медицина қызметкерін даярлау және біліктілігін арттыру;

10) өз жұмысында СӨС насиҳаттайтын, қауіп топтарының, жасөспірімдер мен жастардың арасындағы қауіп факторлары туралы насиҳаттайтын жетекшілерді, белсенділерді, еріктілерді жұмылдыру;

11) СӨС насиҳаттау, мінез-құлықтық қауіп факторларын, аурудың және жарақаттанудың алдын алуын коммуникациялық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара бірлескен жұмыстар жүргізу;

12) аурудың және қауіп факторларының алдын алу және СӨС түрлі аспектілері бойынша басылымдық ақпараттық-білім беру материалдарын халық арасында тарату.

18. Филиалдың құрамында:

- 1) әкімшілік-шаруашылық бөлім;
- 2) ұйымдастыру-әдістемелік бөлім;
- 3) профилактикалық бағдарламалар бөлімі;
- 4) білім беру бағдарламалар бөлімі;
- 5) жастардың денсаулық орталығы.

## 5. Ақпараттық-ресурстық орталық

19. Ақпараттық-ресурстық орталық (бұдан әрі - АРО) облыстық, қалалық СӨСК орталықтарының құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады.

20. АРО негізгі міндеттері:

1) СӨС қалыптастыру, аурудың алдын алу саласында бірыңғай ақпараттық саясатты жүзеге асыру;

2) СӨС қалыптастыру ұйымдарында СӨС насиҳаттау мәселесі бойынша ұйымдастыру-әдістемелік, консультациялық және техникалық қолдау көрсету;

3) ақпараттық технологиялар саласында ең жаңа жетістіктерді енгізу.

21. АРО келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) ұйымдардың материалдық - техникалық ресурстарын (компьютерлік және басқа ұйымдастыру техникасы) қалыптастыру және оны қамтамасыз ету, оның ішінде техникалық қызмет көрсету;

2) WEB-сайт ақпараттарын жасап, үнемі жаңалап отыру;

3) басылымдық және аудио-бейне ақпараттық - білім беру материалдарының электрондық каталогын қалыптастыру;

4) ақпараттық – білім беру және аудио - бейне материалдарын өзірлеу, басып шығару және тарату;

- 5) аудио-бейне техникасын пайдаланып жана технологияларды қолдану жұмыстарын үйімдастыру;
- 6) компьютерлік техника мен жергілікті желіні пайдалану мәселесі бойынша консультация беру;
- 7) электрондық базалардан ақпараттарды іздең табу және оны алу тәсілдерін тұтынушыларға үйретуді үйімдастыру;
- 8) жаңа ақпараттық технологиялар бойынша халықаралық жобаларды қолдау;
- 9) БАҚ беттерінде, МЕҰ, мұдделі үйімдар мен тұлғалардың арасында ақпараттық материалдарды (баспасөз – релиз, мақалалар, жұмыс тәжірибелері, ақпараттар және т.б.) тарату;
- 10) ақпараттық технологияларды қолдану саласы бойынша барлық деңгейдегі СӘС қалыптастыру үйімдары мен нақты қызметкерлерге консультациялық, әдістемелік және техникалық қолдау көрсету.

22. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету ақпараттық-ресурсты орталықты материалдық-техникалық жабдықтау тізбесіне сәйкес 1-қосымшага сәйкес жүзеге асырылады.

## 6. Темекіге қарсы орталық (кабинет)

23. Темекіге қарсы орталық (кабинет) (бұдан әрі – ТҚО) БМСК-ның құрылымдық бөлімшесі, немесе СӘСҚО-ның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

24. Темекіге қарсы орталық (кабинет) әкімшілік тұрғыдан қай үйімның базасында құрылса сол үйімның басшысына бағынады, үйімдистыру - әдістемелік тұрғыдан – облыстық (қалалық) СӘСҚ орталығына қарасты болады.

25. Темекіге қарсы орталық (кабинет) көрсетілетін емдеу-профилактикалық қызметтің сапасын арттыру үшін арнайы наркологиялық, психологиялық, әлеуметтік түзету қызметтерімен және мектептердегі наркопосттармен өзара іс-қимылда болады.

26. ТҚО келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) тәуелді темекі шегушілікten арылуға келетіндерге емдеу-профилактикалық көмек көрсету;

2) медицина үйімдарында "Темекі шегушілікten азат аймақ" жобасын жүзеге асыру ісінде үйімдастыру-консультациялық көмек көрсету (семинарлар өткізу, медицина қызметкерлерін темекіге тәуелділікten емдеу);

3) медицина қызметкерлеріне халықтың арасында темекінің алдын алу тәсілдерін үйрету;

4) бекітілген халық арасында темекі шегушіліктің таралуы бойынша статистикалық мониторинг пен талдау жүргізу, тәуелді темекі шегушілікten арылғысы келетіндерге көмек көрсету қызметін жетілдіру және дамыту туралы ұсыныстар әзірлеу;

5) дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерінің темекі шегушіліктің алдын алу мәселелері бойынша кәсіби білім беру жүйесін арттыру үшін ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар жүргізу, темекіге тәуелділік мәселелеріне қатысты конференциялар, кеңестер, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу;

6) темекі шегушіліктің алдын алу мәселелері бойынша халықтың арасында ақпараттық іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу (акциялар, семинарлар, дәрістер, сұхбаттар);

7) темекіге тәуелділіктің алдын алу мәселелері бойынша жасөспірімдермен жұмыс жүргізу үшін жастардың арасынан жетекшілер (еріктілер) ірікте алу және білімдерін арттырып еріктілер қозғалысын дамыту;

8) жастар мен қоғамдық ұйымдар, әлеуметтік қызметтер, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен өзара іс-қимыл және жұмылдыру, халықтың арасында білім беру жүйесіне, санитариялық-профилактикалық жұмыстарына жеке үлесін қосу, оның ішінде теледидар мен радио арқылы хабарлар беру, мерзімдік басылымға мақалалар жариялау және басқа;

9) медицина ұйымдарының қызмет көрсететін аумақтағы ұйымдардың арасында темекі шегушіліктің таралу деңгейін төмендету үшін сектораралық байланысты қамтамасыз ету және халықтың арасында темекі шегушіліктің алдын алу іс-шараларын үйлестіру (аудан әкімшілігі, мектептердегі, коллеждердегі, жоғары оқу орындарындағы және басқа темекіге қарсы орталықтар);

10) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастанқы медициналық құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2010 жылғы 21 желтоқсандағы № 907 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 тіркелген) сәйкес статистикалық есеп жүргізу және есеп беру, статистикалық деректерді талдау.

27. 2-қосымшаға сәйкес ТҚО Үлгі штатына сәйкес медицина қызметкерінің лауазымдары бекітіледі.

28. ТҚО материалдық-техникалық жарактау 3-қосымшаға сәйкес ТҚО-ға арналған медициналық және медициналық емес жабдықтардың тізбесіне сәйкес жүргізіледі.

## **7. Жастардың денсаулық орталығы**

29. Жастардың денсаулық орталығы (бұдан әрі – ЖДО) - БМСК құрылымдық бөлімшесі, немесе СӨСҚО-ның немесе басқа ұйымдардың құрылымдық бөлімшесі болып табылады, жасөспірімдер мен жастарға емдеу-профилактикалық көмек көрсетеді

30. ЖДО негізгі мақсаты денсаулықты сақтау және жастар мен жасөспірімдерге отбасын жоспарлау мәселелері бойынша жоғары мамандандырылған медициналық-психоәлеуметтік және тегін медициналық-әлеуметтік көмек көрсету

жолымен жасөспірімдерді, жастарды әлеуметтендіру үшін жақсы жағдайды қамтамасыз ету болып табылады.

31. ЖДО негізгі міндеттері:

1) жасөспірімдер мен жастар үшін психологиялық тұрғыдан жағымды жағдай жасау;

2) жыныстық жолымен берілетін аурулардың алдын алу, өскелен ұрпақтың репродуктивтік денсаулығын сақтау және қауіпті мінез-құлықтың алдын алу, сондай-ақ отбасындағы, ортадағы мәселелерді шешу;

3) консультациялық, занамалық, медициналық-психологиялық көмек көрсету;

4) ЖЖБИ, ЖИТС және жоспарланбаған жүктіліктің алдын алу бойынша жыныстық қатынас пен эмоционалдық мәдениетін, әлеуметтік - құқықтық білімнің деңгейін арттыру;

5) қауіпті жағдайларды төмендету үшін саналы, жауапты және қауіпсіз сексуалдық мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;

6) лайықты мінез - құлық дағдыларын үйрету (теңдік, сыйластық, өзара ынтымақтастық, жағдайды бағалай білу, ілтиппаттылық);

7) отбасылық өмірге жауапты серікtestікті (әке болуды) қалыптастыру;

8) репродуктивтік денсаулығын, сексуалдық және репродуктивтік мінез-құлықты сақтау, сенімді әрі қауіпсіз контрацептивтік құралдарды пайдалану, қаламаған жүктіліктің алдын алу мәселелері бойынша жастар мен жасөспірімдерге қазіргі заманғы білімдермен қамтамасыз ететін ақпараттық қызметтер көрсету.

32. ЖДО құрамында:

1) гинеколог, психолог, уролог мамандарының қабылдау кабинеттері;

2) сенім кабинеті;

3) әйелдерді тексеру кабинеті;

4) конференц-зал (аудио-бейне құралдары, кітапхана);

5) қызметкерлерге арналған бөлме;

6) қосалқы бөлімшелер: жаттығу залдары, тренинг орталықтары, холл, дәретхана, гардероб, қосалқы үй-жай;

7) тіркеу бөлімі.

33. ЖДО жұмыс кестесі нысаналы топтардың сұранысына қарай, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес бекітіледі.

34. ЖДО жастарды қатыстыру мақсатында ақпараттық-бұқаралық жұмыстар жүргізіледі.

35. ЖДО келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) репродуктивтік денсаулықты, сексуалдық және репродуктивтік мінез-құлықты сақтау, сенімді әрі қауіпсіз контрацептивтік құралдарды пайдалану, қаламаған

жүктіліктің алдын алу және медицина қызметкерлерінің, педагогтардың, қоғамдық және жастар ұйымдары өкілдерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметінің құқықтық аспектілері бойынша білім беру және ақпараттандыру;

- 2) жасөспірімдердің мінез-құлқын психотүзету;
- 3) басқа медициналық ұйымдармен сабактастықты қамтамасыз ету;
- 4) дер кезінде бейінді медициналық ұйымдарға консультацияға жіберу (оның ішінде қалалық консультациялық-диагностикалық орталықтар мен дағдарыс орталықтарына, арнайы стационарларға және басқа);

5) емдеу-профилактикалық көмегімен қамтамасыз ету келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- отбасын жоспарлау;
- гинекология, оның ішінде балалар мен жасөспірімдік;
- урология, оның ішінде балалар мен жасөспірімдік;
- психологтың консультациясы;
- АИТВ профилактикасы жөніндегі дәрігердің консультациясы;
- дерматовенерологияның консультациясы;
- мінез-құлқытық қауіп факторларының (темекі шегушілік, шектен тыс алкогольді тұтыну) алдын алу;
- зангердің консультациясы.

6) жасөспірімдер мен жастарды әлеуметтік-құқықтық сұйемелдеуді қамтамасыз ету;

7) білім беру басқармаларымен, жергілікті атқару органдарымен, наркологиялық диспансерлермен, психо-неврологиялық диспансермен, ЖИТС орталығымен, тері-венерологиялық диспансермен, бұқаралық ақпарат құралдарымен сектораралық ынтымақтыстық;

8) жасөспірімдер мен жастарға кешенді, оның ішінде (медициналық психологиялық, әлеуметтік, құқықтық) консультациялық көмек көрсету;

9) жасөспірімдер мен жастар үшін қабырғаларға медициналық- әлеуметтік қызметтердің, медициналық ұйымдардың және дағдарыс орталықтарының жұмысы туралы ақпараттарды орналастыру, осы ұйымдардың атаулары, мекенжайларын және телефондарын жазып, іліп қою;

10) жасөспірімдер, жастар және де олардың жанында жүрген адамдар үшін саламатты өмір салтын насихаттау мәселелері бойынша, сондай-ақ үрпақты болу денсаулығын сақтау, қаламаған жүктіліктің, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың, АИТВ инфекциясының, мінез- ұлықтық қауіп факторларының алдын алу бойынша көрнекі басылымдық, нұсқаулық және әдістемелік ақпараттарды әзірлеу, тарату;

11) жастардың бос уақытын ұйымдастыру (интернет – клуб, тіл үйрету курстары, жаттығу залдары);

12) қызметкерлердің тұрақты оқуын, біліктілігін арттыруын және тәжірибе алмасуын ұйымдастыру;

13) қызметкерлердің ұйымда пациенттерге және келушілерге қызмет көрсету үшін келесі бағыттар бойынша базалық оқуы мен даярлықтан өтуі: ЖДО жұмыс тәртібі, жасөспірімдер психологиясының ерекшеліктері, клиникалық менеджмент мәселелерінің кейбір ерекше мәселелері (жастарды контрацепциялау тәсілдері, жедел контрацепция, АИТВ нашақорлық және т.б. алдын алу тәсілдері);

14) дәрігерлік әдеп пен деонтология қафидаттарын қатаң сақтау;

15) ұйымның жұмыс тиімділігін арттыру үшін жастарды жұмысқа жұмылдыру және еріктілікті енгізу;

16) жастар мен жасөспірімдердің жеке сұраныстарын анықтау және көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау үшін тұрақты түрде социологиялық зерттеулерді жүргізу ;

17) жасөспірімдерге медициналық көмек көрсететін мамандар жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін, сырқаттанушылығы мен дамуын және жасөспірімдермен жұмыс істей білуі мен коммуникативтік дағдыларының болуын ескере отырып, мамандығы бойынша кәсіби білімі болуымен қатар арнайы даярлықтан өтіледі.

18) отбасын жоспарлау мәселесі бойынша консультация беру, қазіргі кездегі контрацепция құралдарымен және тәсілдерімен, оларды қолдану негіздерімен және қайшы негіздемелермен жастар мен жасөспірімдерді таныстыру;

19) әсіресе контрацептивтер қолдану барысында қосалқы әсерлер мен асқынушылықтар туындаған кезде, пациенттерге консультация беру және тұрақты бағылауға алу;

20) жыныстық жетілу кезеңінің барлық мәселелер, қауіпсіз жыныстық қатынас, қаламаған жүктіліктің, ЖЖБИ, АИТВ инфекциясының алдын алу мәселелері бойынша консультация беру;

21) босанғаннан кейін, жүктілікті ұзгеннен кейін және қайталаганын қаламаған жүктіліктің алдын алудан соң жас пациенттерге сауықтыруды қорытынды кезеңін жүргізу, сондай-ақ асқынушылық орын алған жағдайда (пациенттің қалауы бойынша) консультация беру;

22) жыныс органдарының қатерлі ісігі, жарақаты, ауруы бар жас пациенттерді дер кезінде диагностикалау және емделуге жіберу;

23) жасөспірім қыздардың сүт безі патологияларын бастапқы анықтау және тексеру, емдеу үшін маммолог маманға дер кезінде жіберу;

24) жыныс органдарының тағайындалған немесе жүре пайдада болған аурулары бар жасөспірім ұлдар мен бозбалаларды диагностикалау және бейінді ұйымдарға емделуге жіберу;

25) жасөспірімдердің жалпы психикалық денсаулығы, жыныстық қатынас мәселелері бойынша жасөспірімдерге медициналық-психологиялық консультациялар

беру, жасөспірімдер мінез-құлықтарының барлық түрдегі бұзылуларын медициналық-психологиялық тұрғыдан түзету, жастармен және жасөспірімдермен жеке және топпен психологиялық тренингтер өткізу;

26) репродуктивтік денсаулыққа байланысты құйzelісте жүрген жас өспірімдерді әлеуметтік қорғау (сексуалдық зорлық, қаламаған жүктілік, ЖЖБИ, АИТВ инфекция және басқа);

27) психологиялық-педагогикалық, медициналық-әлеуметтікорталық орталықтармен және әлеуметтік қорғау органдарымен өзара іс-қимыл;

28) білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтарымен және психологтарымен өзара іс-қимыл;

29) жасөспірімдердің ата-аналары, қаладағы және өнірлердегі білім беру және емдеу-диагностикалық мекемелердің педагогтары, әлеуметтік қызметкерлері, медицина қызметкерлері мен психологтары үшін оқыту семинарлары, тренингтер, конференциялар, дөңгелек үстелдер, кездесулер өткізу, жеке консультациялар беру;

30) жасөспірімдермен жұмыс жүргізу үшін жастардың арасынан жетекшілерді (еріктілерді) іріктеу және даярлау;

31) жастар және қоғамдық ұйымдар, әлеуметтік қызметтер, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін тарту және өзара іс-қимыл;

32) халықтың арасында білім беру, санитариялық-профилактикалық жұмыстарды жүргізуге қатысу, оның ішінде теледидар мен радио арқылы хабарлар беру, мерзімдік басылымдарға мақалалар жариялау;

33) халық және медициналық ұйымдардың мамандары, білім беру ұйымдардың қызметкерлері үшін ақпараттық және әдістемелік материалдар әзірлеуге қатысу;

34) ЖДО психологтары жүргізетін интерактивті тренингтерді тек қана жастар орталықтарында емес, сондай-ақ білім беру ұйымдарында да өткізу.

36. 4-қосымшаға сәйкес медициналық және медициналық емес жабдықтар тізбесіне сәйкес ЖДО материалдық-техникалық жарақтандыру жүзеге асырылады.

Саламатты өмір салтын  
қалыптастыру саласындағы  
қызметті жүзеге асыратын  
денсаулық сақтау ұйымдарының  
қызметі туралы қағидаға  
1-қосымша

## **Ақпараттық-ресурстық орталықтың материалдық-техникалық жарақтандыру тізбесі**

№	Атауы	Саны
1.	Әр компьютерге лицензияланған бағдарламалық жасақтамасымен компьютерлер жинағы	3 дана
2.	Модем	3 дана
3.	Көшірме жасау машинасы ( формат А-3 болғаны дұрыс)	1 дана

4.	Принтер қара-ақ лазерлік	1 дана
5.	Принтер түрлі-түсті тамызбалы	1 дана
6.	Сканер	1 дана
7.	Бейнекамера	1 дана
8.	Сандық фотоаппарат	1 дана
9.	Мультимедиялық проектор	1 дана
10.	Қабырғаға ілінетін экран 1,5 x 2 м.	1 дана
11.	Интерактивті тақта	1 дана
12.	Компьютер үстелдері	3 дана
13.	Жұмыс үстелі	1 дана
14.	Кеңселік орындықтар	6 дана

Саламатты өмір салтын  
қалыптастыру саласындағы  
қызметті жүзеге асыратын  
денсаулық сақтау ұйымдарының  
қызметі туралы қағидаға  
2-қосымша

## Темекіге қарсы орталықтың (кабинеттің) Үлгі штаты

Мамандар	Лауазым саны
Дәрігер	1,0
Мейірбике	1,0

Саламатты өмір салтын  
қалыптастыру саласындағы  
қызметті жүзеге асыратын  
денсаулық сақтау ұйымдарының  
қызметі туралы қағидаға  
3-қосымша

## Темекіге қарсы орталықтың (кабинеттің) медициналық және медициналық емес жабдықтар тізбесі

№ №	Жабдықтардың атаяуы	Өлшем бірлігі	Саны
1.	Жұмсақ жиһаз (диван)	дана	1
2.	Кресло	дана	2
3.	Телефон-факс	дана	1
4.	Медицина қызметкеріне арналған үстел	дана	2
5.	орындықтар	дана	4
6.	Медициналық темір шкаф 1-жақтаулы сейфімен	дана	1
7.	Көрсетуге арналған муляждар (жүрек, өкпе, бауыр және басқа органдар)	дана	10
8.	Смолилайзерлер	дана	1-3
9.	Темекі шегудің алдын алу жөніндегі бейнероликтер мен фильмдер көрсетуге арналған теледидар	дана	1

10.	Роллер (акпараттық-білім беру топтамасы)	дана	1
11.	Тренажер (жүгіретін жолақ, велотренажер)	дана	1
12.	Еденге қойылатын механикалық таразы	дана	1
13.	Тонометр	дана	1
14.	Бой өлшеуіш	дана	1
15.	Электрондық монитор (холлға темекі шегудің алдын алу жөніндегі бейнероликтер көрсету үшін)	дана	1
16.	Киім шкабы	дана	1
17.	Кітап шкабы	дана	1
18.	DVD	дана	1
19.	Компьютер мониторымен және жақсы жағдайда	дана	1
20.	Мультимедиялық жабдықтар	дана	1
21.	Ноутбук	дана	1

Саламатты өмір салтын  
калыптастыру саласындағы  
қызметті жүзеге асыратын  
денсаулық сақтау ұйымдарының  
қызметті туралы қағидаға  
4-қосымша

## ЖДО медициналық жабдықтарының тізбесі

№	Жабдықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1.	Гинекологиялық кресло	дана	1
2.	Кушетка	дана	2
3.	Манипуляциялар үстелі	дана	2
4.	Дөңгелекті қалқа	дана	2
5.	Кольпоскоп	дана	1
6.	УЗД аппараты	дана	1
7.	Медициналық темір шкаф 1-жактаулы сейфімен	дана	1
8.	Гинекологиялық тексерулерге арналған жылжымалы шам	дана	1
9.	Дөңгелекті банкетка	дана	1
10.	Бактерицидтік қабырға (еденге қойылатын) сәулелендіргіші	дана	1
11.	Еденге қойылатын механикалық таразы	дана	1
12.	Бой өлшеуіш	дана	1
13.	Тонометр	дана	2
14.	Медициналық шкаф	дана	2

## ЖДО медициналық емес жабдықтарының тізбесі

№	Жабдықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1.	Жұмсақ жиһаз (диван)	дана	1
2.	Тренинг кабинетіне арналған жұмсақ бұрыштамалық жиһаз	дана	1
2.	Кресло	дана	2

3.	Телефон-факс	дана	1
4.	Медицина қызметкерлеріне арналған үстел	дана	2
5.	Медицина қызметкерлері мен пациенттерге арналған орындықтар	дана	10
6.	Тіркеушіге арналған сұйенгіш	дана	1
7.	СӨС жөніндегі бейнероликтер мен фильмдер көрсетуге арналған теледидар	дана	1
8.	Тренажер (жүгіретін жолақ, велотренажер)	дана	1
9.	Картотекалық шкаф	дана	1
10.	Бейнекамера	дана	1
11.	фотоаппарат	дана	1
12.	Тренинг кабинеті мен психолог кабинетіне арналған кілемдер	дана	3
13.	ноутбук	дана	1
14.	Мультимедиялық проектор	дана	1
15.	Мультимедиялық экран	дана	1
16.	Лазерлік таяқ	дана	2
17.	Компьютер жинағымен	дана	2
18.	Принтер	дана	1
19.	DVD	дана	1
20.	Флипчартқа арналған тақта	дана	1
21.	Көпфункциялық тақта	дана	1
22.	Киімге арналған шкаф	дана	3
23.	Тіркеушіге арналған шкаф	дана	1
24.	корнекі құралдарға және басқа арналған әмбебап шкаф	дана	1
25.	Роллер	дана	1
26.	Ақпараттық киоск-терминал	дана	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК